



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«OLYMPIC GAMES 2026. SHORT TRACK» және «БАЙҚОҢЫР – 70 ЖЫЛ»  
коллекциялық монеталары сатуға шығарылатыны туралы

Астана қ.

2026 жылғы 17 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі «Спорт» сериясынан «OLYMPIC GAMES 2026. SHORT TRACK» және «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан «БАЙҚОҢЫР – 70 ЖЫЛ» коллекциялық монеталары 2026 жылғы 18 ақпаннан бастап ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылатынын хабарлайды.

«OLYMPIC GAMES 2026. SHORT TRACK» монетасы күмістен дайындалған, сынама мөлшері – 925. Массасы 20 грамм, диаметрі 37 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 1000 теңгелік, дайындау таралымы – 2000 (екі мың) дана.

Толық ақпарат [баспасөз релизінде](#) берілген.

### «OLYMPIC GAMES 2026. SHORT TRACK» монетасының бейнесі



«БАЙҚОҢЫР – 70 ЖЫЛ» монетасы толықтай танталдан дайындалған. Монета аверсінде ультракүлгін сәуледе көрінетін жасырын бейнелерді қолдану технологиясы қолданылған. Монета массасы 100 грамм, диаметрі 50 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы – 2000 теңгелік, дайындау таралымы – 500 (бес жүз) дана.

Толық ақпарат [баспасөз релизінде](#) берілген.

### «БАЙҚОҢЫР – 70 ЖЫЛ» монетасының бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)